

2002 жылғы 5-6 қазанда Душанбе қаласында өткен "Орталық Азия Ұнтымақтастығы" ұйымына және Аралды құтқару халықаралық қорына мүше мемлекет басшыларының саммиті барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 21 қаңтар N 71

"Орталық Азия Ұнтымақтастығы" ұйымы мен Аралды құтқару халықаралық қорының (бұдан әрі - АҚХҚ) шеңберінде Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Тәжікстан Республикасының және Өзбекстан Республикасының арасындағы көп жақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған 2002 жылғы 5-6 қазанда Душанбе қаласында өткен "Орталық Азия Ұнтымақтастығы" ұйымына және Аралды құтқару халықаралық қорына мүше мемлекет басшыларының саммиті барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ мүдделі ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды орындау жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі кемінде жарты жылдықта бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметін Жоспардың орындалу барысы туралы хабардар етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

2 1

қ а ң т а р д а ғ ы

N

7 1

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

2002 жылғы 5-6 қазанда Душанбе қаласында өткен "Орталық Азия Ұнтымақтастығы" ұйымына және Аралды құтқару халықаралық қорына мүше мемлекет басшыларының саммиті барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар ЖОСПАРЫ

P/c N	Іс-шаралар	Орындау	Орындау үшін жауаптылар м е р з і м і
1	№	2	3
1.	Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы мемлекеттік шекара туралы шарттарды бекіту мемлекетішілік	2003 жылдың I тоқсаны	Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі I тоқсаны жөніндегі рәсімдерді жүргізу процесін жеделдету
2.	Шекара маңындағы сауданы одан әрі кеңейту және нығайту жөніндегі нақты іс-шаралар жоспарын дайындау және елдердің	2003 жылдың I тоқсаны және	Қазақстан Республикасының Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері ОАЫ-ға мүше шекаралас
3.	ОАЫ-ға мүше мемлекеттермен Орталық Азия аумағында өз мемлекеттерінің радио және теледидар хабарларын таратуды ұйымдастыру жөніндегі ұзак мерзімді ынтымақтастық	2003 жылдың I тоқсаны	Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі жарты жылдығы бағдарлама.
4.	АҚХҚ Президентінің БҰҰ Бас Ассамблеясында "Адам және Арал" тақырыбында сөйлейтін сөзіне ұсыныстар дайындау	2003 жылдың I жарты жылдығы	Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
5.	Мыналар: 1) АҚХҚ-ға БҰҰ институтының мәртебесін беру; 2) Арал жөнінде БҰҰ-ның	2003 жылдың II жарты	Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы

Арнайы комиссиясын құру және оның шеңберінде Арал теңізінің бассейнін тұрақты дамыту жөнінде Халықаралық Конвенция әзірлеу жөніндегі жұмысты

жандандыру

6. АҚХҚ құрылуының 10 жылдығын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу

жылдығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, АҚХҚ-ның Қазақстан Республикасындағы Атқарушы дирекциясы (келісім бойынша)

2003 жылдың I тоқсаны Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының

Сыртқы істер министрлігі

7. Таза су және аймақтың су ресурстарын ұтымды пайдалану халықаралық форумна қатысу үшін Қазақстан Республикасының делегациясын құру

2003 жылдың I жарты жылдығы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, АҚХҚ-ның Қазақстан Республикасындағы Атқарушы дирекциясы

(келісім бойынша)

8. АҚХҚ құрылтайшы елдерінің мүдделі министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесіп, Арал теңізінің тартылу проблемасының кешенді мониторингін жүргізу

тұрақты негізде Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК